

Павлодар педагогикалық университетінің
7М01311 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ
магистранттарының педагогикалық практикадан өтуіне

П І К І Р

Павлодар педагогикалық университеті 7М01311 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранттары 19.10.2020-11.12.2020 ж. аралығында №324 бұйрық бойынша Педагогика жоғары мектебінде педагогикалық практикадан өтті.

Педагогикалық практика магистранттарды оқытушы ретінде педагогикалық қызметке одан әрі бағыттаудан тұрды және магистранттардың теориялық дайындық курстарында алған білімдеріне де, оқу кезінде алған білімдері мен дағдыларына да негізделді.

Практика оқу процесінде магистранттардың алған теориялық білімі мен осы білімді нақты оқу процесіне енгізу бойынша практикалық іс-әрекет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге арналған. Аудиторияда көпшілік алдында сөз сөйлеудің практикалық дағдыларын қалыптастыруға, әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеуге, оқу материалын оқыту үшін қажетті шығармашылық іріктеуге, білім алушылардың танымдық қызметін жоспарлауға және оны ұйымдастыру қабілетіне, оқу материалының мақсаттары мен мазмұнына, заманауи білім беру технологиялары мен пәндерді оқытудың белсенді әдістеріне барабар оқыту әдістері мен құралдарын таңдауға бағытталған.

Практикадан өткен бес магистрант та практиканың мақсат-міндеттерін орындады.

Магистранттармен сабаққа дайындық дербес жүргізілді. Сабақтарға арналған материалдар мен сабақ конспектілері тексерілді және қажеттілігіне қарай ЖОО оқытушыларымен түзетілді.

Педагогикалық практика білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды кәсіби даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі болды, ол болашақ оқытушылардың ЖОО-да білім беру процесін жобалауға, оқу сабақтарын талдау мен құрастыруға, педагогикалық еңбек мәдениетінің маңызды элементтерін қалыптастыруға бағытталған.

Магистранттардың педагогикалық практикаға жауапты қатынасын атап өткім келеді. Практикадан өту кезінде магистранттар өздерін бастауыш сынып оқушыларын оқыту мәселелерін жақсы білетін педагог ретінде көрсетті.

Тәжірибеден өтудің үздік нәтижелерін Крутикова (Юцык) Алина Александровна көрсетті.

- Практикадан өту кезінде магистранттар бастауыш мектеп педагог-зерттеушісінің жұмысы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді жетілдіруге ұмтылатын, тәртіпті екендіктерін көрсетті.

- Магистранттардың педагогикалық тәжірибесі:

- жоғары мектеп оқытушысының кәсіби дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

-Педагогикалық шеберлік негіздерін, оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізу дағдыларын меңгеру.

Педагогика жоғары мектебінің деканы

К.М. Текжанов

15.12.2020 жыл

